

Ұсыныстар

COM/ENR/REC/002/FINAL  
*Бейресми аударма*

**Бесінші отырыс**  
**Бішкек, 2019 ж. 30 мамыр**

## **ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ПАЙДАЛАНУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ**

Парламенттік ассамблея:

*Табиғи* ресурстарды тұрақсыз пайдалану адам денсаулығына және адамдардың өмірлерінің сапасына маңызды әсер ететінін ескере отырып;

*Топырақтар* мен су қоймаларының қышқылдауының жоғары деңгейлерін, биоалуантүрлілікті жоғалтудың жоғарлауын, топырақ эрозиясының ұлғаюын және қалдықтар мен ластану мөлшерінің жоғарлауын қамтитын экологиялық салдар жөніндегі алаңдаушылықты назарға алып;

*Қоршаған* ортада табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты ТҮРКПА қатысушы елдері қосылған және қабылдаған халықаралық конвенциялар мен заңдарды еске салып;

*ТҮРКПА* 2019 жылғы 23-24 қаңтарда Анкарада Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің (GNAT) қолдауымен өткізілген «Ормандардың табиғи байлықтарын қорғау және табиғи ресурстарды экологиялық пайдалану - заңнама және тәжірибе семинарының» маңызды рөлін атап бағалап;

*ТҮРКПА* қатысушы елдерінде ормандар мен табиғи ресурстарды пайдалану бойынша өткізілетін жұмыс мәжілістерді, семинарларды, форумдарды және басқа іс-шараларды қолдап;

**БҰҰ Тұрақты** даму саласындағы мақсаттардың 15-бабында көрсетілген ормандарды тиімді пайдалану, шөлейттенумен күресу, жерлердің тозуын тоқтату және кері бұру, биоалуантүрлілікті жоғалтуды тоқтату мақсаттарына жетуге бағытталған бірлескен іс-әрекеттердің қажеттілігін түсініп,

**Парламенттер** табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара алатынын, сонымен қатар бақылаушылар рөлін атқару мүмкін екендігін және пайда болатын экологиялық мәселелерге жылдам және тиімді жауап қайтаруы үшін үкіметке қысым жасай алатын екендіктерін назарға алып,

Келесі сұрақтар бойынша келісімге келді:

- a) *Табиғи ресурстарды* тиімді пайдалану олардың экономикасына, экстенсивті пайдаланудан біртіндеп бас тартуға және жаңғыртылмайтын ресурстарды үнемді пайдалануға және жаңғыртылатын ресурстарды тұрақты пайдалануға көшуге, сонымен қатар қуаттың баламалы көздеріне - күн, жел және т. б. дамытуға бағытталған болуы қажет.
- b) *халықтың* әлеуметтік белсенділігін жоғарлату, қоғамдық экологиялық дүниетанымды қалыптастыру және елдің дамуының маңызды және стратегиялық мақсаттары болып табылатын табиғи-ресурстық әлеуеттің сақталуына жауапкершілікті сезіну;
- c) *әзірленуімнің* негізгі мақсаты болып табылатын қалдықтары аз, ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізудің арқасында қалдықтардың мөлшерін ең төмен шамаға келтіру;
- d) Кейбір бар ұлттық мекемелерді әлеуетті тұрақты арттыру үшін арналған өңірлік орталықтар ретінде бекіту
- e) осы мәселе бойынша тиімді өңірлік және қатысушы елдер арасындағы екі жақты ынтымақтастықтың кеңеюіне бағытталған *жұмысты жүргізу*;
- f) *ТҮРКПА* қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықтың тиісті салалардағы басымдықтарын анықтау;
- g) *қатысушы* елдерде табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға қатысты заңнаманы зерделеу, тиісті құжаттарды жинау және тиісті саладағы заңдарды жақындастыру мақсатында оларды талдау.

